

Коксты қалдықтарды компрессорлы реакторда жағу үшін (16) тазарту жүйесі арқылы ауа жіберіледі.

Тәжірибе ұзақтығы шикізаттың берілуі мен сұйық өнімдердің пайда болуына байланысты 1-ден 1,5 сағатқа дейін жетеді. Содан кейін сутек ағынында қондырғы салқындатылады. Колбада жиналған сұйық өнімдер 0,01 дәлдікпен таразыда өлшенеді. Катализатордың 2-3 сағат жұмысынан кейін 500°C температурада 2 сағаттай катализатордың тотығу регенерациясын жүргізеді.

Изомеризация процесінің сұйық және газ тәрізді өнімдерінің сапалық және сандық құрамын газды хроматографиялық әдіс арқылы анықтайды.

Айналу процесінің талғампаздығын есептеуін жүргізу үшін изомеризация процесінің өнімдеріне айналған шикізаттың көмірсутектік атомдарының моль санын бастапқы шикізаттың айналу моль санына бөледі.